

8D01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Баймухамбетова Куралай Мыктыбековнаның «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p><b>«Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау»</b> атты диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының білім, ғылым және цифрлық жаңғыру салаларындағы стратегиялық басымдықтарымен тікелей сабақтас.</p> <p>Аталған сәйкестіктің маңызды негіздерінің бірі – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. Жолдаудың ресми атауы <b>«Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу»</b> деп берілген. Құжатта Цифрлық кодексті жедел қабылдау, жасанды интеллектіні экономиканың және мемлекеттік басқарудың барлық саласына енгізу, елді қысқа мерзім ішінде толық цифрлық ұлт деңгейіне көтеру, сондай-ақ адами капиталды жаңа технологиялық ахуалға бейімдеу міндеттері айқындалған. Сонымен бірге Жолдауда білім беру саласының айрықша рөлі атап көрсетіліп, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері бойынша бағдарламалар мен оқу материалдарын әзірлеу, ал ұстаздардың жасанды интеллект технологияларын меңгеру дағдыларын қалыптастыру қажеттігі нақты тапсырма ретінде қойылған. Аталмыш талаптар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қазақ тілін оқытуда инновациялық, цифрлық және жасанды интеллектке бейім кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесінің өзектілігін тікелей дәлелдейді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны Қазақстан Республикасының <b>«Білім туралы»</b> Заңының негізгі қағидаларымен де сәйкес келеді. Аталған заң білім беру жүйесінің құқықтық негізін айқындайды және білім алушы тұлғаның зияткерлік дамуын, өздігінен білім алуын, жеке әлеуетін ашуын, сондай-ақ білім беру мазмұнының қоғам сұранысына сай жаңартылып отыруын мемлекеттік деңгейдегі басым міндет ретінде</p>

			<p>орнықтырады.</p> <p>Зерттеудің мемлекеттік бағдарламалармен және стратегиялық құжаттармен сәйкестігі, әсіресе, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген <b>«Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»</b> арқылы айқын көрінеді. Бұл тұжырымдамада жоғары білім жүйесін еңбек нарығының сұранысына, жаһандық өзгерістерге және технологиялық трансформацияларға бейімдеу, университеттердің білім беру бағдарламаларын икемді модульдік форматқа көшіру, minor және микробіліктілік арқылы тілдік, цифрлық және өзге де құзыреттерді меңгерту, smart-университеттер моделіне көшу, сондай-ақ білім беру процесіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын кеңінен енгізу басым бағыттар ретінде көрсетілген.</p> <p>«Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының цифрлық трансформация, жасанды интеллектіні енгізу, адами капитал сапасын арттыру, жоғары білім мазмұнын жаңарту, педагог кадрларды жаңа формацияда даярлау және ғылым мен инновацияны кіріктіру бағытындағы стратегиялық құжаттарымен толық сәйкес келеді.</p>
		<p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Докторант К.М. Баймухамбетованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағыты: 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалып, аталған бағыттың талаптарына сәйкес орындалған.</p>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған/ашылмаған.</b>	Бұл диссертациялық зерттеу жұмысы ғылымға <b>елеулі үлес қосатын еңбек</b> болып табылады. Өйткені ол бастауыш білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі - қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауды теориялық және практикалық тұрғыдан негіздейді. Зерттеу нәтижелерінде бүгінгі білім беру кеңістігінің талаптарына сәйкес инновациялық бағыттағы мұғалім даярлау проблемасының жеткілікті деңгейде ашылмағаны дәлелденіп, оның мазмұндық және әдістемелік қырлары ғылыми тұрғыдан нақты көрсетілген. Осы арқылы жұмыстың ғылыми құндылығы айқындалып, жалпы педагогика мен бастауыш білім беру әдістемесінің дамуына қосар үлесі нақты көрініс тапқан.
3.	Өзі принципі жазу	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары</b> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Баймухамбетова Куралай Мыктыбековнаның диссертациялық зерттеуі дербес орындалған, өзектілігі <b>жоғары</b> және мазмұны жағынан толық әрі аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Докторант зерттеу материалдарын ғылыми талаптарға сай жүйелеп, деректерді дәлдікпен, логикалық бірізділікте және теориялық негіздемеге сүйене отырып талдап ұсына алған. Диссертацияның тілі анық әрі мазмұнды, құрылымы бекітілген ережелерге толық сәйкес келеді. Жұмыстың бөлімдері арасында мазмұндық тұтастық сақталып, зерттеу идеясының бірізді өрбуі қамтамасыз етілген.
4.	Ішкі принципі бірлік	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген</b> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі терең ғылыми талдау арқылы <b>негізделген</b> . Докторант мемлекеттік бағдарламалар, нормативтік-құқықтық құжаттар, философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік бағыттағы ғылыми еңбектер негізінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау қажеттілігін жан-жақты көрсеткен. Сонымен бірге, зерттеу нысанын зерделеу барысында теориялық және практикалық сипаттағы бірқатар күрделі қарама-қайшылықтар анықтаған. <i>Атап айтқанда:</i> - қазіргі цифрлық трансформация жағдайында қоғам тарапынан инновациялық ойлау қабілеті жоғары, цифрлық ортада еркін бағдарлай алатын, жасанды интеллект негізіндегі құралдарды тиімді қолдана білетін педагогтерге деген сұраныс пен жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің қазақ тілін оқыту арқылы

мұндай сапаларды жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған тұтас әдістемелік жүйенің жеткілікті деңгейде қалыптаспауы арасындағы;

- педагогика ғылымында «инновациялық кәсіби іс-әрекет» ұғымына қатысты теориялық пайымдаулар мен ғылыми тұжырымдар жеткілікті деңгейде қарастырылғанымен, оларды қазақ тілін оқыту контекстінде нақты өлшемдер, көрсеткіштер және деңгейлер арқылы жүйелеп, тәжірибелік-эксперимент негізінде дәлелдеу жеткіліксіз болуы арасындағы;

- қазіргі білім беру кеңістігінде қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби даярлықты арттыруға мүмкіндік беретін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарының ауқымының кеңеюі мен аталған құралдарды ЖОО-да педагогикалық мақсатта тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін ғылыми-әдістемелік нұсқаулықтардың, жүйеленген тапсырмалар кешенінің және практикалық бағыттағы оқу бағдарламаларының жеткілікті деңгейде әзірленбеуі арасындағы қарама-қайшылықтар бар екендігіне көз жеткізілді.

Айқындалған қарама-қайшылықтар зерттеу мәселесінің мәнін ашуға және оның теориялық негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік берген.

Докторанттың диссертация мазмұны 3 тарау, 9 бөлімде жазылып, диссертация тақырыбын толық **айқындайды.**

- Бірінші тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесі бойынша отандық және шетелдік философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік ғылыми еңбектер негізінде жүйелі түрде талданып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау түсінігінің мәні мен құрылымы нақтыланған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда қазақ тілін оқытудың қазіргі жайына салыстырмалы талдау жасалып, зерттеліп отырған мәселенің теориялық негіздері тұжырымдалған.

- Екінші тарауда қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырлары қарастырылған. Сондай-ақ, зерттеу мақсатына сәйкес қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оның компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалған. Әдістемелік жүйе әзірленіп,

4.2 Диссертация мазмұны кәсіби іс-әрекетке даярлау түсінігінің мәні мен диссертация тақырыбын құрылымы нақтыланған. Болашақ бастауыш сынып айқындайды:

- 1) **айқындайды;**
- 2) ішінара айқындайды;
- 3) айқындамайды.

	<p>қоғамның қазіргі талаптары, оқытудың мақсаты мен міндеттері, мазмұндық негізі, заманауи әдістері мен инновациялық технологиялары, қазақ тілі бойынша берілетін тапсырмалар жүйесі жүйеленген.</p> <p>- Үшінші тарауда зерттеу мәселесін тәжірибелік тұрғыда тексеруге бағытталған анықтау, қалыптастыру және бақылау эксперименттерінің мазмұны мен нәтижелері баяндалған. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау бойынша қалыптастыру экспериментінің мазмұны мен ұйымдастырылуы айқындалып, әзірленген әдістемелік жүйенің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері негізінде дәлелденген. Эксперимент барысында алынған деректер сандық және сапалық тұрғыдан талданып, зерттеу болжамының дұрыстығы ғылыми негізде тұжырымдаған.</p> <p>- Қорытындыда жүргізілген зерттеудің нәтижелері негізінде алынған негізгі тұжырымдар жүйеленіп, зерттеу барысында қойылған міндеттердің орындалу деңгейі айқындалған. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берген.</p> <p>- Қосымшада диссертацияға енбеген, зерттеу барысында пайдаланылған материалдар берілген.</p>
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сәйкес келеді;</b></li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысында қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына толық <b>сәйкес келеді</b>. Докторант педагогика ғылымының негізгі заңдылықтарын басшылыққа ала отырып, зерттеу барысында алға қойылған мақсат пен міндеттерге толық қол жеткізген. Бұл алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен сенімділігін дәлелдейді.</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толық байланысқан;</b></li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы өзара логикалық тұрғыдан <b>толық байланысқан</b>, тұтас ғылыми мазмұн мен бірізді баяндау логикасы. Тараулар арасындағы ішкі сабақтастық сақталып, зерттеу материалдарының жүйелі түрде дамуы қамтамасыз етілген. Алынған зерттеу нәтижелері ұсынылған ғылыми болжамның дұрыстығын айқындап, диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттердің толық әрі нақты жүзеге асырылғанын көрсетеді.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертант ұсынған жаңа ғылыми шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан бар шешімдермен салыстырылып, <b>сыни талдаулар</b> жасалған. Бұл жасалған сыни талдау диссертантқа қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемелік жүйесін әзірлеуге мүмкіндік берген. Әзірленген әдістемелік жүйенің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік нәтижелерін сандық және сапалық сыни талдаулар арқылы дәлелденген. К.М. Баймухамбетованың жүргізген сыни талдауы әрбір қарастырылған мәселе бойынша терең ғылыми пайым жасаумен ерекшеленеді. Талдау нәтижесінде өз көзқарасын дәлелді әрі нанымды түрде ұсына білуі докторанттың өзіндік ғылыми ұстанымының қалыптасқандығын айқын көрсетеді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа</b>;</li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol>	<p>Докторант К.М. Баймухамбетованың диссертациялық зерттеуінде ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.</p> <p>– <i>бірінші нәтиже - толығымен жаңа.</i> Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуымен маңызды, болашақ мұғалімдерді даярлаудың мазмұнын жаңғыртуға және педагогикалық білім беруді жетілдіруге ықпал етеді;</p> <p>– <i>екінші нәтиже - толығымен жаңа.</i> Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау түсінігінің мәні мен құрылымы нақтылануымен маңызды, қазақ тілін оқытуда мұғалімнің кәсіби ойлауын, оқыту стилін және цифрлық технологияларға негізделген білім беру ортасын қалыптастырудың ғылыми негізін құрайды.</p> <p>– <i>үшінші нәтиже - толығымен жаңа.</i> Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделінің әзірленуімен маңызды, модельдің компоненттері мен өлшемдерін оқу үдерісінде қолдану жоғары білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыруға және болашақ мұғалімдердің инновациялық құзыреттілігін дамытуға бағытталады;</p> <p>– <i>төртінші нәтиже - толығымен жаңа.</i> Әдістемелік жүйенің дайындалып, оның тиімділігінің тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеріп, нәтижелерін сандық, сапалық</p>

			<p>және диагностикалық көрсеткіштер арқылы дәлелденуімен, ғылыми-әдістемелік ұсыныстардың берілуімен маңызды, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби даярлық деңгейі сандық, сапалық және диагностикалық көрсеткіштер бойынша оң өзгеріс динамикасымен айқындалады.</p> <p>Докторанттың диссертациялық жұмысында алынған нәтижелері қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың тиімді ғылыми-әдістемелік негізін құрайды және бұл бағыттағы болашақ зерттеулерге теориялық әрі практикалық алғышарт бола алады деп есептеймін.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>К.М. Баймухамбетованың диссертация қорытындылары <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.</p> <p>Диссертациялық зерттеу нәтижелері төмендегідей тұжырымдарды айқындайды:</p> <p>1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерге жүргізілген талдау негізінде жұмыстың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалған. Мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар мен нормативтік-құқықтық құжаттарды саралау нәтижесінде қазіргі білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытуда болашақ мұғалімдерді инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесінің өзектілігі негізделген. Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігімен қатар, инновациялық ойлау, цифрлық және педагогикалық технологияларды меңгеру талаптарының күшейгені көрсетілген.</p> <p>2. Педагогикалық, психологиялық және әдістемелік еңбектерді жүйелі талдау негізінде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау түсінігінің мәні мен құрылымы нақтыланған.</p> <p>3. Зерттеудің әдіснамалық негізін жүйелілік, іс-әрекеттік, акмеологиялық, құзыреттілік және инновациялық тұғырлар құрайтыны анықталып, олардың зерттеліп отырған құбылыстың мәнін ашудағы рөлі негізделген. Осы негізде қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген. Модельде мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процесуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік компоненттердің өзара бірлігі, оларға сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштер жүйесі және</p>

		<p>даярлық деңгейлері (жоғары, орта, төмен) айқындалған.</p> <p>4. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілген. Зерттеу нәтижелері сандық, сапалық және диагностикалық көрсеткіштер арқылы дәлелденген.</p> <p>5. «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс бағдарламасы әзірленіп, тәжірибеден өткізілген.</p> <p>6. Жоғары оқу орны студенттері мен магистранттарына, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі» атты оқу құралы дайындалып, оқу үдерісіне енгізілген.</p> <p>7. Жүргізілген теориялық және тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау мақсатты түрде ұйымдастырылатын, көпқырлы әрі интегративті педагогикалық үдеріс екенін дәлелдейді.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертант ұсынған қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауға бағытталған ғылыми-тәжірибелік шешімдер <b>толығымен жаңа</b> және негізделген болып табылады. Бұл зерттеу жұмысы барысында жасалған тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталады.</p>
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p> <p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген және олардың нақтылығы математикалық-статистикалық талдаулар арқылы дәлелденген.</p> <p>Докторанттың мәселені терең талдауы ұсынылған нәтижелер мен қорытындылардың дәлдігі мен жүйелілігінен айқын байқалады.</p>
7.	<p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p> <p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p>	<p>Докторант К.М. Баймухамбетованың диссертациялық зерттеуі негізінде қорғауға ұсынылған төрт негізгі ғылыми қағиданы атап өтуге болады:</p> <p>1) Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-</p>

3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді;	әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері – болашақ педагогтің кәсіби ойлауының,
5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	әдістемелік икемділігінің, жаңашыл педагогикалық шешім қабылдау қабілетінің қалыптасуын қамтамасыз ететін біртұтас ғылыми жүйе;
7.2 Тривиалды ма?	әдіснамалық тұрғыдан жүйелілік, іс-әрекеттік,
1) ия;	құзыреттілік, акмеологиялық және инновациялық
2) жоқ;	тұғырлардың өзара сабақтастығы; қазақ тілін оқыту
3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	мазмұнының кәсіби даярлықтың мазмұндық өзгіретіндегі қызметі; инновациялық кәсіби іс-әрекеттің педагогикалық жағдаяттарды жаңаша пайымдау мен тиімді шешу сапасы; педагогикалық
7.3 Жаңа ма?	үдерісті жаңғырту талаптарына сәйкес кәсіби
1) ия;	даярлық құрылымының ғылыми негізделуі. Бұл
2) жоқ;	қағида <b>жаңа, дәлелденген, кең қолданылатын</b>
3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	және <b>тривиалды емес</b> болып саналады және халықаралық рецензияланатын Scopus деректер базасына енгізілген жарияланымда және отандық
7.4 Қолдану деңгейі:	ғылыми практикалық конференциялар жинағында
1) тар;	ғылыми мақалалары жарияланып, дәлелденген
2) орташа;	және көрініс тапқан.
3) кең	2) <i>«Кәсіби іс-әрекет»</i> - Тұлғаның белгілі бір
4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	мамандық аясында кәсіби міндеттерді орындауға бағытталған, теориялық білім, тәжірибелік білік, құндылық бағдары, кәсіби жауапкершілік
7.5 Мақалада дәлелденген бе?	негізінде жүзеге асырылатын нәтижеге бағдарланған құрылым»; <i>«Инновациялық кәсіби іс-әрекет»</i> - Маманның кәсіби міндеттерді жүзеге
1) ия;	асыру барысында кез-келген тәжірибені
2) жоқ	жаңғыртып, жаңа педагогикалық идеялар мен
3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	технологияларды, цифрлық және шығармашылықты қолдану арқылы кәсіби нәтижелілікті арттыруға және өзгермелі білім беру жағдайына бейімделуге бағытталған, тұлғалық, креативтік және рефлексивтік сипаттағы үздіксіз дамуға негізделген саналы кәсіби қызметтер кешені»; <i>«Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау»</i> - қазақ тілін оқытуда білім алушылардың тілдік, коммуникативтік және танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында креативті педагогикалық әрекет тәсілдерін меңгеруіне, инновациялық әдістер мен технологияларды саналы таңдауға және тиімді қолдануға, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын кіріктіруді қамтамасыз ететін кәсіби-педагогикалық үдеріс». Қағида <b>дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа</b> , алдағы уақытта қолданылу ауқымы <b>кең</b> және отандық, шетелдік ғылыми практикалық конференциялар жинағында ғылыми мақалалары жарияланып, дәлелденген және көрініс тапқан.
	3) Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып

			<p>мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процессуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік компоненттерге негізделіп, кәсіби даярлықтың мазмұнын жүйелеуді, педагогикалық әрекетті ұйымдастырудың логикасын айқындауды және болашақ мұғалімнің инновациялық кәсіби даярлық деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін өлшемдер, көрсеткіштер мен деңгейлердің динамикалық байланысы. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу деңгейі кең және ҚР ҒжЖБ саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, отандық, шетелдік ғылыми практикалық конференциялар жинағында ғылыми мақалалары жарияланып, дәлелденген.</p> <p>4) Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі: жоғары оқу орнының 6В01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасына «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс бағдарламасы дайындалып, тәжірибеден өткізілуі; «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі» атты оқу құралын тәжірибеге енгізілуі; қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда әдістемелік жүйенің тиімділігі дәлелденуі. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу деңгейі кең және ҚР ҒжЖБ саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, отандық, шетелдік ғылыми практикалық конференциялар жинағында ғылыми мақалалары жарияланып, дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <b>иә</b>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері</p>	<p><b>Ия.</b> Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негіздері нақты әрі жүйелі түрде айқындалған. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлауда жүйелілік, іс-әрекеттік, құзыреттілік, акмеологиялық және инновациялық тұғырлардың өзара үйлесімділігі негізінде қарастырылған. Зерттеудің әдіснамалық базасын құрауда аталған тұғырлармен сабақтастықта жүйелілік, іс-әрекет арқылы үйрету, кәсіби жетілуге ұмтылу, теория мен практиканың бірлігі және цифрлық бағыттылық ұстанымдары басшылыққа алынған.</p> <p><b>Ия.</b> Докторант зерттеу мақсаты, ғылыми болжам және міндеттерді шешу үшін теориялық және</p>

<p>компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <b>иә</b>; 2) жоқ.</p>	<p>эмпирикалық әдістердің ұтымды үйлесімін айқындап қолданған. Зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми әдістерді, мәліметтерді талдаудың тәсілдерін және авторлық интерпретацияны пайдалану арқылы алынған. Зерттеу барысында компьютерлік технологиялар кеңінен қолданылып, түрлі кестелер, диаграммалар әзірлеген. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері математикалық-статистикалық өңдеуден өткізіліп, ғылыми тұрғыдан негізделген қорытындылар жасаған.</p>
<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <b>ия</b>; 2) жоқ.</p>	<p>Теориялық қорытындылар анықталған өзара байланыстар тәжірибелік-эксперименттік арқылы дәлелденген және расталған.</p> <p>I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттерінде «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 3 курс студенттеріне жүргізілген тәжірибелік - эксперимент жұмыстарымен дәлелденген. Зерттеу жұмысының қосымшаларында ұсынылған ендіру актілерімен расталынған.</p> <p><b>Ия.</b> Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсеткен.</p>
<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер ҚР нормативтік-құқықтық құжаттар, отандық және шетелдік авторлардың педагогикалық әдебиеттері, сөздіктер, анықтамалар, энциклопедиялар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, халықаралық конференция жинақтары мен журналдарында, халықаралық рецензияланатын Scopus және Web of Science деректер базасына енгізілген жарияланымда, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы <b>расталған</b>.</p> <p>Әдебиеттерге жасалған сілтемелер дәйекті, логикалық байланысқан және зерттеу мәселесінің ғылыми дәлелділігін арттырады.</p>
<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуды орындау үшін <b>жеткілікті</b> деп бағаланады. Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны 155 әдебиетті құрайды.</p>
<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <b>бар</b>; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми тұжырымдар кәсіби педагогикалық білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздерін толықтыра отырып, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау саласындағы ғылыми ізденістерге</p>

			<p>жаңа бағыт береді.</p> <p>Докторант жоғары білім беру жүйесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қалыптасу жағдайын жан-жақты талдап, қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлық деңгейін арттырудың ғылыми қажеттілігін негіздей алған. Зерттеу барысында жасалған теориялық қорытындылар, ұсынылған түсініктер, құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемелік жүйесі педагогикалық теорияны дамытуға елеулі үлес қосады. Сондықтан диссертациялық еңбектің теориялық маңыздылығы <b>бар</b> деп тұжырым жасауға толық негіз бар.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <b>ия</b>; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы <b>бар</b> және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> <p>- «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс бағдарламасы дайындалып, жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде тәжірибеден өткізілген.</p> <p>- «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі» атты оқу құралы әзірленіп, оқу үдерісіне ендірілген. Авторлық куәлік алынған.</p> <p>Зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстар болашақ мұғалімдерді даярлайтын жоғары және кәсіптік педагогикалық оқу орындарының білім беру үдерісінде, бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарында тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Зерттеу материалдарының оқу процесіне бейімделу мүмкіндігінің кеңдігі аталған жұмыстың практикалық маңызын жоғары деңгейде көрсетеді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа</b>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың тиімді ғылыми-әдістемелік негізін құрайды және бұл бағыттағы болашақ зерттеулерге теориялық әрі практикалық алғышарт бола алады деп есептеймін.</p>
10.	Жазу ресімдеу және сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <b>жоғары</b>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы <b>жоғары</b> деңгейде орындалған. Зерттеу мәтінінің тілі мен стилі ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Жұмыста негізгі ұғымдар, терминдер мен анықтамалар жүйесі нақты әрі үйлесімді түрде берілген. Бұл зерттеу мазмұнын түсінуді жеңілдетеді.</p> <p>Диссертацияны әзірлеу барысында докторант академиялық жазу мәдениетін, ғылыми этика</p>

			қағидаларын және академиялық адалдық талаптарын сақтағаны байқалады. Сонымен қатар, диссертацияның құрылымы мен ресімделуі ғылыми жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқаулықтармен үйлесімді және талаптарға сай орындалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Докторант Баймухамбетова Куралай Мыктыбековнаның «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты диссертациялық жұмысының мазмұны қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес толық ашылған. Дегенмен де, мынадай ұсыныстарды атап өтуге болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Теориялық бөлімде ғалымдардың пайымдаулары жақсы келтірілген, кейбір талдауларда докторанттың өзіндік тұжырымы қысқа берілген, осы ретте өзіндік тұжырымда кеңінен талдағанда ғылыми зерттеу жұмысының мәні жоғарылар еді;</li> <li>2. Эксперименттік бөлімде ұсынылған тапсырмалар мазмұны құнды. Алайда, оларды жасанды интеллектке негізделген цифрлық құралдармен байланыстыра отырып, студенттердің кәсіби іс-әрекетінде педагогикалық тұрғыда қолдануға арналған оқу-әдістемелік тапсырмалар жинағын әзірлеу және оны білім беру үдерісіне енгізу зерттеудің қолданбалы мәнін күшейте түсер еді.</li> <li>3. Дайындалған әдістеменің мазмұнын талдауда әрбір тақырыптың мазмұнын кеңінен аша түсу қажеттігі бар секілді.</li> </ol> <p>Берілген ұсыныстар диссертацияның ғылыми жаңалығына, негізгі тұжырымдарына, мазмұндық дәлдігіне нұқсан келтірмейді.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының		<p>Диссертациялық зерттеу нәтижелері ғылыми жарияланымдар арқылы тиісті деңгейде ұсынылған. К.М. Баймухамбетованың жұмысына қатысты негізгі нәтижелер белгіленген талаптарға сәйкес 16 ғылым еңбек жариялаған. <i>Оның ішінде:</i> 1 мақала Scopus мәліметтер базасына енгізілген басылымда (Q1, 84% процентильді); 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған; 5 мақала Қазақстан Республикасында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарында жарияланған; 5 мақала шет елде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарында жарияланған; 1 оқу құралы жарияланған. Авторлық куәлік алынған.</p>

	деңгейін зерделейді)	Жарияланған мақалалардың мазмұны диссертацияның тақырыптық бағытымен толық сәйкес келеді және зерттеу мазмұнын нақты әрі бірізді түрде толықтыра түседі.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	8D01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Баймухамбетова Куралай Мыктыбековнаның «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы дербес ғылыми зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге және диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығына сүйене отырып, Баймухамбетова Куралай Мыктыбековнаның «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағыты: 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:  
 PhD доктор,  
 Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

